

**"Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қоры шеңберінде
вексельдердің айналымына байланысты кейбір мәселелер туралы" Қазақстан
Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 4 Жарлығы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қоры шеңберінде
вексельдердің айналымына байланысты кейбір мәселелер туралы» Қазақстан
Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы
Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасының Президенті

**ЖАРЛЫҚ Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы
қоры шеңберінде вексельдердің айналымына байланысты
кейбір мәселелер туралы**

«Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қорын құру туралы
шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28
желтоқсандағы Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қорын құру
туралы 2009 жылғы 9 маусымдағы шартқа сәйкес Еуразиялық экономикалық
қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қорына Қазақстан Республикасының бастапқы
жарнасының 90 %-ын (тоқсан пайызын) төлеу есебіне 900000000 (тоғыз жүз миллион)
АҚШ доллары мөлшерінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа
қарсы қоры Кеңесінің шешімімен (2010 жылғы 21 қаңтардағы № 2 хаттама) бекітілген
нысан бойынша қарапайым, айналымға түспейтін және пайызсыз вексель шығарылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Болат Бидахметұлы Жәмішевке
Қазақстан Республикасының атынан қарапайым, айналымға түспейтін және пайызсыз
вексельге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК